

# ҚАЗАҚСТАННЫҢ МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫНА ҚЫТАЙДАН ТАРТЫЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫН БАҒАЛАУ

**ХОЙЧ А.\*<sup>1</sup>**

PhD, қауымдастырылған профессор

**ТӨЛЕПОВ Ә.Е.<sup>1</sup>**

экономика ғылымдарының PhD

**КАЛИЕВА С.С.<sup>1</sup>**

экономика ғылымдарының PhD

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті,  
Астана қ., Қазақстан Республикасы

**АҢДАПТА.** Мақаланың негізгі мақсаты ретінде Қазақстан экономикасына соның ішінде мұнай-газ саласына қытай мемлекетінен тартылған инвестициялардың қазіргі жағдайын бағалау және ерекшеліктерін анықтау болып келеді. Қазақстанның ұлттық экономика жүйесімен қатар инвестициялық саясатында алып көршісі Қытай Халық Республикасы ажырымас басымдылықта келеді. Сондықтан, екі-жақты экономикалық - қатынас жүйелі дамып келеді. Соның ішінде, Қытай инвесторлары Қазақстан экономикасының барлық салаларында инвестициялық ынтымақтастығын арттырып келеді. Қытайдан келетін инвестицияның артуы мен өрісін жаюы экономиканың көпжақты ынтымақтастықпен сипатталатын көрініс.

Қазақстанның ұлттық экономикасының - негізгі қайнар көзі болып табылатын мұнай-газ саласы тек Қытайлық емес басқа да мемлекеттер үшін басты инвестициялық тартымды сала. Соңғы жылдары Қазақстан мен Қытай арасындағы мұнай-газ саласындағы қарым-қатынастар қарқынды дамып келеді.

XXI ғасырдың екінші онжылдығы «Бір белдеу, бір жол» бастамасының жаңа серпіні аясында Қазақстан мен Қытай арасындағы стратегиялық әріптестік ретінде сипатталатын қарым-қатынастар дамуының жаңа кезеңі басталды. Бұл стратегия Қазақстан мен Қытай арасындағы серіктестікті екі елдің сыртқы экономикалық саясатының маңызды тетіктеріне айнала отырып, ұзақ мерзімді даму мақсаттарын белгілеуге бағытталған. Осылайша, зерттеу барысында авторлар Қазақстан экономикасына бағытталған Қытайлық мұнай-газ саласына инвесторлары АҚШ пен Европа елдерінен кейін үштікті ұстап тұр және бұл қарқын әлі де арта түсетіні сөзсіз екенін негіздейді.

**ТҮЙІН СӨЗДЕР:** Қазақстан экономикасы, мұнай-газ саласы, инвестициялар, қытай инвестициясы, бір белдеу – бір жол бастамасы.

## ОЦЕНКА СОВРЕМЕННОЙ СИТУАЦИИ С ИНВЕСТИЦИЯМИ ИЗ КИТАЯ В НЕФТЕГАЗОВУЮ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ КАЗАХСТАНА

**ХОЙЧ А.\*<sup>1</sup>**

PhD, ассоциированный профессор

**ТӨЛЕПОВ Ә.Е.<sup>1</sup>**

PhD по экономике

**КАЛИЕВА С.С.<sup>1</sup>**

PhD по экономике

<sup>1</sup>Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,  
г. Астана, Республика Казахстан

**АННОТАЦИЯ.** Основной целью статьи является оценка и определение особенностей современного состояния инвестиций, привлеченных из китайского государства в экономику Казахстана, в том числе в нефтегазовую отрасль. Наряду с национальной экономикой Казахстана в инвестиционной политике неразрывно доминирует соседская Китайская Народная Республика. Поэтому системно развиваются двусторонние экономические отношения. В том числе китайские инвесторы наращивают инвестиционное сотрудничество во всех отраслях экономики Казахстана. Рост и расширение инвестиций из Китая — это картина, характеризующаяся многосторонним сотрудничеством экономики.

Нефтегазовая отрасль, являющаяся основным источником национальной экономики Казахстана, является главной инвестиционной привлекательной для других государств, не только Китая. В последние годы динамично развиваются отношения между Казахстаном и Китаем в нефтегазовой отрасли.

Второе десятилетие XXI века в рамках нового импульса инициативы «Один пояс, один путь» начался новый этап развития отношений, характеризующийся как стратегическое партнерство между Казахстаном и Китаем. Данная стратегия направлена на установление долгосрочных целей развития, превращая партнерство между Казахстаном и Китаем в важнейшие механизмы внешнеэкономической политики двух стран. Таким образом, в процессе исследования авторы обосновывают тенденцию как Китайские инвесторы в нефтегазовую отрасль в Казахстане удерживают тройку лидеров после США и Европы, и этот темп, несомненно, продолжит расти.

**КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА:** экономика Казахстана, нефтегазовая отрасль, инвестиции, китайские инвестиции, инициатива пояс и путь.

## ASSESSMENT OF THE CURRENT SITUATION OF INVESTMENTS FROM CHINA IN KAZAKHSTAN'S OIL AND GAS INDUSTRY

**KHOICH A.\*<sup>1</sup>**

PhD, Associate Professor

**TOLEPOV A.E.<sup>1</sup>**

PhD in Economics

**KALIYEVA S.S.<sup>1</sup>**

PhD in Economics

<sup>1</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan

**ABSTRACT.** The main purpose of the article is to assess the current state of investments from the Chinese state in the economy of Kazakhstan, including in the oil and gas industry. Along with the system of the national economy, Kazakhstan's investment policy is dominated by its huge neighbor, the people's Republic of China. Therefore, bilateral economic relations are systematically developing. In particular, Chinese investors are increasing investment cooperation in all sectors of Kazakhstan's economy. The growth and expansion of investments from China is a reflection of the economy characterized by multilateral cooperation.

The oil and gas industry, which is the main source of the national economy of Kazakhstan, is the main investment attractive industry not only for Chinese, but also for other states. In recent years, relations between Kazakhstan and China in the oil and gas industry have been developing rapidly.

The second decade of the XXI century began a new stage in the development of relations between Kazakhstan and China, characterized as a strategic partnership within the framework of the new impetus of the "One Belt, One Road" Initiative. This strategy is aimed at establishing long-term development goals, turning the partnership between Kazakhstan and China into the most important mechanisms of the foreign economic policy of the two countries. Thus, in the process of research authors proof that tendency of Chinese investors in the oil and gas industry of Kazakhstan hold the top three after the United States and Europe, and this pace will certainly increase.

**KEYWORDS:** Kazakhstan economy, oil and gas industry, investments, chinese investment, Belt-Road initiative.

**КІРІСПЕ.** Қазақстанда шетелдік инвесторлар үшін тартымды болып келетін көп артықшылықтарға ие әсіресе, табиғи ресурстарға бай екендігімен және бұл ресурстардың көпшілігі әлі пайдаланылмағандығымен ерекшеленеді. Ал, арзан табиғи ресурстарды аңдыған Қытайлық инвесторлар үшін Қазақстанмен шекаралас екенін қосыңыз өте айқын бағыт белгілі болады. Әр мемлекеттің геосаяси мүдделері болғанымен, бүгінгі күнге дейін жасалған келісімдердің басты мүддесі Қытайдың экономикалық өсуіне ықпал ететін тұрақты және шекаралас табиғи ресурстар көзі болып табылатынын көрсетеді. Қазақстан-Қытайдың ішкі экономикасы үшін ресурстарды қамтамасыз ету үшін сыртқы экономикалық саясат құралдарын пайдалануының айқын мысалы.

Қазақстан мен Қытайдың мұнай-газ саласындағы ынтымақтастығы 1997 жылы Қытайдың CNPC корпорациясының Қазақстан нарығына келуімен басталды. Бұл Қытай ұлттық мұнай-газ корпорациясы әлемнің 38 елінде жұмыс істейді және әлемдегі ең ірі 50 мұнай алыбының ішінде үшінші орында тұрған танымал халықаралық компарация. Бүгінгі күні Қазақстанда мұнай өндірудегі ең үлкен үлеске АҚШ (31%), екінші орында Еуропа елдері жиынтық үлесі 17%, одан әрі үшінші орында Қытай 15% ие. Келесі инвесторлар тізімінде үл-

кен айырмашылықпен Ресей (3,5%) ие болып отыр. Қытай инвесторлары Қазақстандық жергілікті компаниялармен бірлесіп стратегиялық мега-жобаларды басқаруда. Олардың ішінде 7 Мұнай-газ өндіруші компания, екі газ құбыры және екі мұнай құбыры, мұнай өңдеу зауыты және болат құбыр зауыты бар. Осылайша, CNPC Қазақстанда мұнай-газ өнеркәсібінің барлық тізбегіне белгілі деңгейде қатысады. Мұнда, мұнай мен газды барлау және өндіру, мұнай өнімдерін өңдеу және сату, көмірсутектерді тасымалдау, импортты алмастыру кіреді. Осы үрдістердің барлығы нақты инвестициялық жобалар шеңберінде жасалады. Сонымен қатар, Қытай үкіметінің «Белдеу және жол» бастамасы халықаралық жобасы аясында да трансмемлекеттік инвестициялық қызметтер қарқын алуда.

Жалпы теориялық тұрғыдан, «инвестициялар» мен «шетелдік инвестициялар» терминдерін нақты түсіну мен айырмашылығын білу өте маңызды. Көптеген шетел авторлары «инвестициялар» мен «шетелдік инвестициялар» ұғымын тең деңгейде қолданады. Алайда, инвестицияларды қабылдаушы және жіберуші мемлекеттер үшін экономикалық әсерлері қысқа және ұзақ мерзімде мүлдем басқа болмақ. Мысалы, Дж.М.Кейнс инвестицияның кез-келген түрін «жинақтау» түсінігімен бай-

ланыстырады, ол жиынтық табыстың жиынтық шығындарынан артықшылығын білдіреді. Сәйкесінше, инвестициялар «ағымдағы өсуді» білдіреді және «ағымдағы кезеңде тұтыну үшін пайдаланылмаған табыс бөлігін» білдіреді. В. Беренс пен П.Гавранек инвестицияны «болашақта табыс алу мақсатында экономикалық ресурстарды ұзақ мерзімді салым деп анықтама береді. У.Ф. Шарп, Дж. Александр және Дж.В. Бэйли «инвестиция» болашақта қазіргіден көп пайда табу үшін бүгін ақшаны тиімді игеру дегенді білдіретінін айтып, кеңірек түсіндіруді қабылдайды [1].

Мұнай-газ саласындағы инвестициялық қызметтің мәні тәуекелді барынша есепке ала отырып, максималды табысты алу үшін капиталды бөлу болып табылады. Бұл саладағы инвестициялық шешімдер күрделі әрі кешенді болумен қатар геологиялық ақпаратты, барлау мен өндіру шығындарын, нарық жағдайын мұқият талдауды талап етеді. Сонымен қатар, мұнай-газ саласына салынған инвестициялар айтарлықтай күрделі шығындарды талап етеді және өтелу мерзімі ұзақ болып келеді. Инвестициялық процесс әдетте әлеуетті инвестициялық мүмкіндіктерді анықтауды, егжей-тегжейлі техникалық-экономикалық негіздеме жүргізуді, тәуекелдер мен кірістерді бағалауды және соңында инвестициялық шешім қабылдауды қамтиды. Мұнай-газ саласындағы инвестициялық қызметтің мазмұнын үш кезеңге бөлуге болады: барлау және өндіру, өңдеу, тарату және өткізу. Осы кезеңдердің әрқайсысы инвестициялардың әртүрлі түрлерін талап етеді және әртүрлі тәуекелдер мен мүмкіндіктермен келеді.

Мұнай-газ компаниялары капиталды тиімді бөлу және пайданы барынша арттыру үшін әртүрлі инвестициялық стратегияларды пайдаланады. Мұнай-газ компаниялары қолданатын негізгі инвестициялық стратегияларға барлау мен өндіру, бірігу және жұту, серіктестіктер мен бірлескен кәсіпорындар жатады. Мұнай-газ компаниялары қолданатын тағы бір инвестициялық стратегия бірігу және сатып алу болып табылады. Бұл стратегия олардың ресурстарына, технологиясына және тәжірибесіне қол жеткізу үшін басқа компанияларды сатып алуды немесе біріктіруді қамтиды. Бұл стратегияның басты артықшылығы – ол компанияларға нарықтың құбылмалылығына ұшырауын азайта отырып, олардың активтер базасын кеңейтуге және әртараптандыруға мүмкіндік береді. Мұнай және газ өнеркәсібі-

не тікелей инвестициялар барлау және өндіру жобаларына немесе тау-кен өндіру құқығын сатып алуға инвестицияларды қамтиды. Бұл инвестициялар жоғары әлеуетті кірісті ұсына алады, бірақ олар да жоғары тәуекелге ие. Инвесторлар мұнай-газ саласына кез келген тікелей инвестиция жасамас бұрын тиісті сараптама жүргізеді. Ішкі және сыртқы факторлар әсерін бағалайды.

Қытайдың мұнай-газ компаниялары инвестицияларды барынша «сыртқа шығару» стратегиясын қолдану тәжірибесімен ерекше танылады. Мәселен, Қытай ұлттық мұнай корпорациясы (CNPC) аталмыш инвестициялық стратегияны сәтті жүзеге асырған ең ірі корпорация. 2020 жылы оның шетелде мұнай өндіруге салған инвестициясының нәтижесі 35,82 миллион тоннаға жетті, бұл CNPC жалпы мұнай өндірісінің 35% құрайды. Қазіргі уақытта мұнай-газ жобалары Судан, Таяу Шығыс пен Солтүстік Африка, Венесуэла, Қазақстан, Орталық Азия мен Ресей сияқты көптеген елдерде жүзеге асырылуда. Нәтижесінде, Қытайдың мұнай-газ компаниялары қарқынды кеңейіп, басқа елдердегі активтерін көбейтуде. 2021 жылға қарай теңіз арқылы мұнай мен газ жеткізу 90 миллион тоннаға жетті. CNPC шетелден шамамен 30 миллион тонна мұнай-газ шикізатын, Since Group шамамен 7 миллион тоннаны, CNOOC шамамен 1,3 миллион тоннаны алды.

Жоғарыда айтылғандай қытайлық мұнай-газ компаниялары шетелге белсенді инвестиция салумен ерекшеленеді. Қытайдың шетелдік инвестицияларының көп бөлігі немесе жалпы шетелдік инвестициялық жобаларының шамамен 35% Африка елдерінде болған. Алайда, экономикалық дағдарысқа байланысты халықаралық мұнай және газ нарығы әртүрлі дәрежеде зардап шегіп Африкадағы саяси және қоғамдық қауіпсіздік жағдайы тұрақсыздығын арттырды [1]. Салдарынан, Қытай қазіргі уақытта Ресей мен Орталық Азия елдеріндегі инвестициялық қарқынын және инвестициялау тәсілдерін арттыруда.

#### **ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ.**

Зерттеу материалдары ретінде Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросы ресми деректерімен бірге мұнай-газ компанияларының ресми ақпарат көздері болып табылады.

Зерттеу барысында экономикалық-статистикалық әдістермен бірге қарапайым жіктеу, индуктивті және дедуктивті әдістер, жалпылау және салыстырмалы, сипаттау түсіндіру әдістері қолданылды.



**Сурет 1 - Қазақстанның тау-кен өнеркәсібіне Қытайдан жинақталған инвестициялардың динамикасы, млн. АҚШ доллары**  
**Ескерту - авторлар құрастырылған**


**НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ.**

Қазақстанның мұнай-газ секторына тартылатын шетелдік инвестицияларды қарастыру барысында жалпы тенденцияны анықтауға кедергі келтіретін бірқатар тетіктер бар. Бұл әсіресе Қытайдан келетін инвестицияларға қатысты. Мәселен, қазақстандық статистика мұнай – газ саласындағы шетелдік инвестициялардың географиялық таралуы туралы мәліметтер бермейді. Және де Қазақстанның мұнай-газ секторындағы шетелдік инвестициялардың қай елден келетінін дәл анықтау қиынға соғады. Себебі, шетелдік компаниялар көбінесе қазақстандық жобаларға инвестор ретінде қатысатын еншілес компанияларын құратын басқа елдердің юрисдикцияларын пайдалануды жөн көреді. Бұл мәселе қытайлық компаниялардың қызметіне де әсер етіп, олардың Қазақстанның мұнай-газ секторындағы инвестициялық қызметін объективті бағалауды қиындатады. Осы фактор Қытайдың Қазақстанның мұнай-газ секторындағы инвестициялық қызметін дәл бағалауға кедергі келтіреді. Соңғы жылдары Қытай компанияларының Қазақстанның тау-кен өнеркәсібіндегі инвестициялық қызметі инвестиция ағынының қысқару тенденциясы байқалады [2]. Бұл тенденция Қытайдан Қазақстанға төмендеген тікелей инвестиция ағынының көрсетеді. Дегенмен, ұлттық банктің ресми статистикасына сәйкес, Қытайдан Қазақстанның тау-кен өнеркәсібіне жинақталған инвестиция көлемі 2021-

2022 жылдары 1,5 миллиард долларға дейін біртіндеп төмендегенімен негізгі инвесторлық позицияны ұстап тұр. Сурет 1-де көрсетілгендей Қазақстанның тау-кен өнеркәсібіне Қытайдан жинақталған инвестициялардың динамикасы жоғары.

Қытайдың Қазақстанның мұнай-газ өнеркәсібіне салған инвестициясын әртүрлі агенттіктер мен сарапшылар талдай келе Қазақстанның мұнай өндіруіндегі Қытайдың үлесіне қарама-қайшы баға береді. Алайда соңғы бес жылда тау-кен өнеркәсібіне Қытай инвестициясының айтарлықтай азайғаны анық, бұл дәл осы кезеңдегі Қазақстанға шетелдік инвестицияның ұлғаю үрдісіне қарама-қайшы [3]. Бұл құлдырау әртүрлі факторларға байланысты болуы мүмкін, мысалы, сенімді статистика мен сала туралы ақпаратқа қолжетімділіктің шектелуі, сондай-ақ қолда бар статистикада көрсетілмейтін ықтимал саяси және экономикалық факторлар. Қытайдың тау-кен өнеркәсібіне инвестициясының азайғанына қарамастан, Қытай Қазақстанның мұнай-газ саласындағы маңызды ойыншысы болып қала береді. Дегенмен, зерттеулер бойынша тасымалдау және техникалық қызметтер сияқты байланысты қызметке Қытай инвестициясының айтарлықтай төмендегенін көрсетеді [4]. Бұл инвестициялық үрдістерді түсіну және негізделген шешімдер қабылдау үшін сенімді деректер мен ақпараттың қажеттілігін көрсетеді. Қазақстан Ұлттық банкі жүргізетін шектеулі





**Сурет 2 - 2005-2023 жылдар аралығында Қазақстанға Қытайдан келген инвестициялардың салалық үлесі, %**  
**Дереккөз: авторлар құрастырған**

статистика инвесторлар мен саясаткерлерге елдегі инвестициялық жағдайды толық түсінуге кедергі келтіруі мүмкін.

Бүгінгі күні Қытай Қазақстанның мұнай – газ саласындағы негізгі серіктестерінің бірі болып табылады. Қытайдың ірі корпорацияларының энергия саласына, мұнай – газ саласына, химия өнеркәсібі мен көлік саласына инвестиция салуымен байланысты. 2005 жылдың қазан айында CNPC Қазақстанда көмірсутектерді өндірумен және өңдеумен айналысатын қазақстандық PetroKazakhstan компаниясындағы үлесін 4,2 миллиард долларға сатып алды. Табысты енгізу мен модернизациядан кейін өндіріс ұлғайтылды. Қазақстан Суданнан кейін CNPC сәтті инвестициялаған екінші ел болды. CNPC сонымен қатар Үндістанмен мұнай-газ жобаларында, канадалық AFPC компаниясы, Сирия мен Ресеймен бірлескен кәсіпорын белсенді жұмыс жасауда.

China Global Investment Tracker ақпараттық базасының деректеріне сәйкес Қытай соңғы жылдары көптеген елдерге қарқынды инвестиция құюда. Соның ішінде, 2005-2023 жылдар аралығында қытай Қазақстан экономикасына 36,7 млрд.АҚШ долларын құйса, оның 70 пайызға жуығы немесе 25,2 млрд.АҚШ доллары энергия саласына, химия өнеркәсібіне 4,4 және көлік саласына 3,3 млрд.АҚШ долларын бағыттағанын 2-суреттен көреміз.

Сонымен қатар, Қазақстанның мұнай-газ саласында Қытайлық компаниялармен жа-

салған 20 ірі инвестициялық жобаларды көлемі жағынан да, стратегиялық маңызы жағынан да тарихи деп атауға болады. Соның ішінде, Қытайдың China National Petroleum Corporation (CNPC) ұлттық корпорациясының Қазақтың жауһары Қашаған кен орнының 8 пайыз акциясы мен Батыс Қазақстандағы бірнеше кен орындарын жүзеге асырып жатқан PetroKazakhstan компаниясының 67 пайыз акциясын сатып алуы. Екі ірі инвестициялық жобаның жалпы көлемі 9,2 миллиард доллардан асты. Қытайлық инвестор компаниялар түрлі газ жобаларында 6 миллиард доллардан астам инвестиция төккен [5].

ҚХР-нан Қазақстанның тау-кен өнеркәсібіне құйылған инвестициясы 2017 жылы 92%-дан астам және 2021 жылы шамамен 94%-ды құрайтын тікелей инвестициялардың үлесіне тиді. Бұл оның Қазақстандағы Қытай инвестициясының басқа түрлерінен ерекшеленетінін көрсетеді. Қазақстанның мұнай-газ өнеркәсібі өсу траекториясының куәсі болды және бұл негізінен шетелдік инвестициялардың өсуімен және көмірсутегінің әлемдік нарығындағы қолайлы нарықтық конъюнктурамен байланысты [6]. Салаға тікелей шетелдік инвестициялардың келуін ынталандыратын қолайлы инвестициялық ахуал пайда болады. Қазақстанның мұнай-газ секторының шикізаттық әлеуеті негізінен еліміздің мұнай-газ өнеркәсібінде маңызды рөл атқаратын Теңіз, Қашаған және Қарашығанақ сияқты үш ірі халықаралық жобаның сәтті

жүзеге асырылуында жатыр (Кесте 2).

Халықаралық консорциумдар «Қазмұнай-газ» АҚ-ның «ТеңізШевроОйл» компаниясының 20 пайыздық үлесі сияқты түрлі жобаларды жүзеге асыруды өз қолдарына алды. Сонымен қатар, 2007 жылдың соңында келісім талаптары қайта қаралғаннан кейін Қашаған жобасындағы ҚМГ үлесі екі еседен астам 8,3%-дан 16,8%-ға дейін өсті. Тағы бір жоба – Қарашығанақ кен орнын игеруге ҚМГ да қатысты [7]. Дегенмен, Қазақстанда өндірістің өсуі, ең алдымен, үш негізгі жоба аясында жоспарланғаннан баяу болды.

Әсіресе, Қашаған кен орны техникалық қиындықтарға тап болып, оның жұмыс істеу мерзімінің өзгеруіне әкеліп соқтырған жоғары шығын болды. Бұл кен орнын игергеннен кей-

ін Қазақстан Үкіметіне 5 миллиард АҚШ долларынан астам өтемақы төлеуге әкелді. 2005 жылдан бастап кен орнын игерудің басталуы жобаның мерзімімен салыстырғанда бірнеше рет кешіктірілді. Тек 2016 жылы апатты жойғаннан кейін ғана пайдалануға берілді. Бір қызығы, кен орнын игеру кезінде жобаның бюджеті 15-20 миллиард доллардан 139 миллиард долларға дейін айтарлықтай өсті, бұл оның тиімділігін бағалауды әлдеқайда қиындатады.

Қазақстан Республикасы мен Қытайдың экономикалық ынтымақтастығы әртүрлі салаларда, әсіресе мұнай-газ саласында кеңейді. Мұны қытайлық мұнай компанияларының мұнай мен газ ресурстарын өндіруге, өңдеуге және тасымалдауға қатысуынан байқауға болады. Сондай-ақ, қытайлық компаниялар

**Кесте 1 - 2005-2023 жылдар аралығында Қазақстанның мұнай-газ және энергетика саласында Қытайлық компаниялармен жасалған ең ірі инвестициялық жобалар**

Жыл	ҚХР-нан инвестор компания	Инвестиция көлемі (млрд \$)	Инвестор үлесі	ҚР-нан келісім жасаған компания
2005	China National Petroleum Corp. (CNPC)	4,2	67%	PetroKazakhstan
2006	China International Trust and Investment (CITIC)	1,9		Nations Energy
2007	CNPC	1,3		
2008	Xinjiang Guanghui	0,3	49%	Tarbagatay Munay
2009	CNPC	2,6		Central Asia Petroleum
	China Investment Corporation (CIC)	0,9	11%	JSC KazMunaiGas E&P
2010	Gezhouba, Xinjiang International Cooperation Corp	0,7		Kazakhstan Natural Gas
2011	China Petroleum and Chemical (Sinopec)	0,9		Marubeni
2012	Three Gorges	0,4		KazMunaiGas
	CNPC	0,5		KazMunaiGas
	CNPC	0,9	50%	KazMunaiGas
2013	CNPC	5,3	8%	
2014	Geo-Jade Petroleum	0,5	95%	Maten Petroleum
	CNPC	1,6		
	Sinopec	1,1	50%	Lukoil
2015	Geo-Jade Petroleum	0,4	100%	KoZhan
	Geo-Jade Petroleum	0,1	100%	KoZhan
2019	State Power Investment Corporation	0,1	80%	
2021	China General Nuclear	0,4	49%	Ulba-TVIS, Kazatomprom
2022	China General Nuclear	0,3		

Ескерту: авторлар құрастырған

**Кесте 2 - Каспий маңы мұнай-газ аймағының мұнай-газ жобаларындағы шетелдік капитал, %**

Қазақстанның мұнай-газ саласындағы жобалары	ҚР	ҚХР	РФ	АҚШ
Каспий құбыры Консорциум	19,0	-	31,0	15,0
«Батыс Қазақстан-Қытай» мұнай құбыры	50,0	50,0	-	-
«Қазақстан-Қытай» газ құбыры	50,0	50,0	-	-
Теңіз кен орнын игеру	20,0	-	5,0	50,0
Қарашығанақ кне орнын игеру	10,0	-	12,5	17,5
«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ кен орындарын игеру	50,0	50,0	-	-
Қашаған мұнай және газ ресурстарын игеру	16,81	8,4	-	16,81
Құмкөл кен орнын игеру	33,0	67,0	-	-
<i>Ескерту: авторлар құрастырған</i>				

мұнай өңдеу кәсіпорындарын жаңғырту мен жаңа құрылыс жұмыстарын да қаржыландыруда. Қазақстанның мұнай-газ секторына шетелдік инвесторлардың үлесі арта түскендіктен, соңғы жылдары Қытай компанияларының бұл секторға түрлі формаларды қарқынды енуі назар аудартады. Қытайлық компаниялардың Қазақстанның мұнай-газ секторына салған инвестициясын ерекше атап өту керек және олардың ұлттық экономикаға қосқан әсері көп екені сөзсіз [8].

Қазақстанның мұнай өндіруіндегі Қытайдың үлесін бағалау әртүрлі меншік деңгейіндегі көптеген қатысушыларды тарту арқылы қиындауы мүмкін екенін атап өткен жөн. Соған қарамастан, Қытай компанияларының Қазақстандағы мұнай өндірудегі үлесі олардың тау-кен өнеркәсібіне жинақталған шетелдік инвестициядағы бір пайыздық үлесіне сәйкес келмейтіні анық. Сәйкессіздік әртүрлі себептерге байланысты болуы мүмкін, мысалы, қытайлық компаниялардың басқа қатысушылармен жобаларға қатысуы немесе инвестициялар туралы толық есеп бермеу мүмкіндігі және басқалары [9].

**ҚОРЫТЫНДЫ.** Қазақстан мен Қытай арасындағы мұнай-газ саласындағы қарым-қатынас үнемі күн тәртібіндегі өзектілігін жоғалтқан емес. Екі ел арасындағы сауда қатынастары да жыл сайын жан-жақты артып отырады. Әсіресе, тараптар үшін мұнай-газ саласы стратегиялық маңызды сектор болып қала береді. Бірі үшін маңызды экономикалық ресурс қалыптастырушы көз болса, екіншісі үшін экономикалық қозғаушы күш болып отыр. Сондықтан, экономикалық ынтымақтастығы әртүрлі салаларымен бірге, әсіресе мұнай-газ саласындағы ынтымақтастық пен зерттеу ауқымы кеңейеді. Мұны ел экономикасындағы қытайлық мұнай компанияларының мұнай мен газ ресурста-

рын өндіруге, өңдеуге және тасымалдауға қатысуы белсенділігінен байқауға болады. Сондай-ақ, қытайлық компаниялар мұнай-газ өңдеу кәсіпорындарын жаңғырту мен жаңа құрылыстарды қаржыландыру қарқыны артып жатқанын да көруге болады [10].

Мақалада қарастырып өткендей қытайлық мұнай-газ корпорацияларының инвестициялық қызметінің стратегиялық және практикалық негіздерінде кәсіпорындардың инвестициялық қызметі мен икемділігін атап өткен жөн. Сонымен қоса, әлемдегі Қытайдың мұнай-газ корпорацияларының инвестициялық қызметінің бағыттары да заманға сай, ішкі-сырқы геосаяси факторлаға қатысты қарқынды өзгере білуінде. Нәтижесінде, мұнай-газ саласындағы кәсіпорындардың инвестициялық қызметі, соның ішінде Қытай компанияларының ерекшеліктерімен жан-жақты бағытта үстемдік етуде. Сондықтан, экономикалық саяси деңгейде шешім қабылдаушылар Қазақстанның мұнай-газ саласындағы Қытай кәсіпорындарының инвестициялық қызметіне талдау жасай отырып, шетелдік тәжірибені де қарастырып Қытай капиталының қатысуымен мұнай-газ саласындағы инвестицияларды оңтайландыру керек деп қорытындылауға болады.

Тұтастай алғанда, Қытайдың Қазақстанның мұнай-газ саласына инвестициясын талдау күрделі және дамып келе жатқан жағдайды көрсетеді. Сенімді деректер мен ақпарат инвестициялық үрдістерді түсіну және негізделген нақты шешімдер қабылдау үшін өте маңызды. Тау-кен өнеркәсібіне Қытай инвестициясының төмендеуі назар аударарлық үрдіс болғанымен, Қытай Қазақстанның мұнай-газ саласындағы маңызды ойыншысы болып қала береді және инвестицияның азаюының себептері қосымша зерттеуді қажет етеді.



REFERENCES:

1. BP. (2020). *Statistical Review of World Energy*. [www.bp.com/statisticalreview](http://www.bp.com/statisticalreview).
2. Yuan, Xuemei. (2019). Export of investment of multinational companies. *Technical and economic sciences*, 7, 102-105.
3. CNPC Kazakhstan B.V. Open Corporates (2005). *The Open Database Of The Corporate World*. <https://opencorporates.com/companies/nl/58021639>.
4. O'Neill, D.C. (2014). Risky Business: The political economy of Chinese investment in Kazakhstan. *Journal of Eurasian Studies*, 2, 145-156.
5. Chinambassy. (2005). *CNPC completes acquisition of Petro Kazakhstan*. <http://www.chinambassy.org/eng/xw/t218598.htm>
6. New Europe. (2009). *Kazakhstan, China plan Caspian Shelf agreements*. <http://www.neurope.eu/node/15010>
7. The New York Times. (2006). *China pays dearly for Kazakhstan oil*. [http://www.nytimes.com/2006/03/17/business/worldbusiness/17kazakh.html?\\_r=0](http://www.nytimes.com/2006/03/17/business/worldbusiness/17kazakh.html?_r=0)
8. Chazan, G. (2010). *Kazakh spat casts light on China deals*. Wall Street Journal. <http://online.wsj.com/article/SB10001424052748703580904575131611702788550.html>
9. Konyrova, K. (2009). *Kazakhstan, China plan Caspian Shelf agreements*. New Europe. <http://www.neurope.eu/node/15010>
10. Gong, Xiaohan. (2022). Energy security through a financial lens: Rethinking geopolitics, strategic investment, and governance in China's global energy expansion. *Energy Research & Social Science*, 83, 155-162.

СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ:

**Хойч Айжан\*** - экономика ғылымдарының PhD, қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы  
E-mail: [khoich.aizhan@gmail.com](mailto:khoich.aizhan@gmail.com)

**Төлепов Әділ Ерболатұлы** - экономика ғылымдарының PhD, аға оқуышы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы  
E-mail: [adil-tulepov@mail.ru](mailto:adil-tulepov@mail.ru)

**Калиева Самал Сериковна** - экономика ғылымдарының PhD, аға оқуышы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы  
E-mail: [s.s.kaliyeva@gmail.com](mailto:s.s.kaliyeva@gmail.com)

**Хойч Айжан\*** - PhD по экономике, ассоциированный профессор, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, Республика Казахстан  
E-mail: [khoich.aizhan@gmail.com](mailto:khoich.aizhan@gmail.com)

**Төлепов Әділ Ерболатұлы** - PhD по экономике, старший преподаватель, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, Республика Казахстан  
E-mail: [adil-tulepov@mail.ru](mailto:adil-tulepov@mail.ru)

**Калиева Самал Сериковна** - PhD по экономике, старший преподаватель, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, Республика Казахстан  
E-mail: [s.s.kaliyeva@gmail.com](mailto:s.s.kaliyeva@gmail.com)

**Khoich Aizhan\*** - PhD in Economics, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan  
E-mail: [khoich.aizhan@gmail.com](mailto:khoich.aizhan@gmail.com)

**Tolepov Adil** - PhD in Economics, Senior Lecturer, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan  
E-mail: [adil-tulepov@mail.ru](mailto:adil-tulepov@mail.ru)

**Kaliyeva Samal** - PhD in Economics, Senior Lecturer, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan  
E-mail: [s.s.kaliyeva@gmail.com](mailto:s.s.kaliyeva@gmail.com)